

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023

Алайда, зерттеу үшін алынған «қазына» және «байлық» ұғымдарының аудармасы мағынаны дәл беретінін байқатты. Осы орайда ағылшын-қазақ тілі сөздігінің жоқ екені үлкен қиындық келтірді. Себебі тікелей аударма жоқ болғандықтан, кембридж сөздігің өзі орыс тіліне аударып көрсетеді.

Сондықтан бірінші кезекте қазақ-ағылшын терминологиялық сөздіктері қажет. Қазіргі уақытта қазақ тіліндегі терминдер өмірдің барлық салаларында кездеседі. Байлық ұғымдары жиі кездесетін банк саласындағы көптеген терминдер басқа тілдерден, атап айтқанда орыс және ағылшын тілдерінен алынған. Алынған терминдер қазақ тілінің заңдылықтарына бағынады және морфологиялық, фонетикалық және синтаксистік өзгерістерге ұшырайды. Мысалы, акция, валюта, банк, чек терминдері аударылмайды. Қазақ тілінің көптеген терминдері орыс тілінен алынған, өз кезегінде бұл терминдер орыс тіліне басқа тілдерден келген.

Қазақстан Республикасының және басқа елдердің банк жүйелерін салыстыра отырып, ағылшын терминологиясын меңгеруге, ағылшын тіліндегі терминдердің қазақ тіліндегі баламасын дұрыс таңдауға болады.

Дегенмен мақалада келтірілген және берілген аударма қиындықтарының көптігіне қарамастан, кез-келген тілдік жұпта аударма кезінде мұндай проблемалар туындайтынын түсіну қажет. Ана тілдері мен зерттелетін тілдер арасындағы жүйелік сәйкессіздіктердің мәні болашақ жұмысты болжауға мүмкіндік береді. Мәтінді дұрыс түсіну дағдысын қалыптастыру үшін грамматика мен аударма теориясын білу жеткіліксіз.

Жұмыс тәжірибесі аударма техникасын меңгеру үшін белгілі бір грамматикалық және лексикалық қиындықтарды бөліп көрсету және оларды аударуға үйрету қажет екенін көрсетеді. Әлем тілдерін грамматика тұрғысынан қарастыра отырып, адамның ойлау процесін реттейтін логикалық заңдар барлық тілдер үшін бірдей, ал әр тіл үшін грамматикалық заңдар әр түрлі екенін көруге болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. О.Б.Алтынбекова //Этноязыковые процессы в Казахстане. / Монография. - Алматы: Экономика, 2006. – 416 с.
2. Б.Х. Хасанов //Казахско-русское двуязычие. / Алма-Ата Наука. 1987. - С.196.

ӘОЖ 811.119

РОБЕРТ КИЙОСАКИДІҢ «БАЙЛЫҚ» КОНЦЕПТІСІ

Ибашева Мадина Ералықызы

imadina2710@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультеті магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., доцент Қызырова А.М.

Байлық жайлы әр дәуірде түрлі пікір болды. Адамдардың байлық жайлы концептісі де сан алуан. Бірі рухани байлықты маңызды деп санаса, бірі білімді өшпейтін байлық, келесісі ата-ананы ең қымбат қазына деп есептейді. Демек бүгінгі күні де әр адамның байлық жайлы ойы әртүрлі. Бұл сұрақ өте пәлсапалық, оны ұзақ уақыт талқылауға болады, дегенмен бір жауапты алу қиын, себебі байлыққа сан аспектілерден қарауға болады.

Әркімнің байлық және оның өлшемдері туралы өзіндік тұжырымдамасы бар. Соның ішінде бүгінгі зерттеу тақырыбына арқау болып отырған Роберт Кийосакидің байлық концептісі де өзіндік сипатқа ие. Оның әлемді жаулаған «Бай әке, жарлы әке» [1] еңбегі байлықтың негізін бейнелейді.

Автор өз еңбегінің кіріспесінде «мектеп балаларды шынайы әлем үшін дайындайды ма?» [1,3] деген сұрақпен бастайды. Ақиқатында әр ата-ана өзінің баласының білім алып, өмірде өз орынын тапқанын қалайды. Бұл тұжырым қазақ халқының «білімдіге дүние

жарық» немесе «білім басы бейнет, соңы - зейнет» секілді мақалмен беки түседі. Дегенмен бұл бай болу үшін немесе байлыққа ие болуға білім керек емес дегенді білдіреді ме? Ол үшін тағы да Роберт Кийосакидің «Бай әке, жарлы әке» еңбегіне жүгінеміз.

Автор өз еңбегінде «менің екі әкем болды: бірі бай, екіншісі кедей. Біреуі жоғары білімді және ғылым докторы болды, өмір бойы стипендия алды. Ал екінші әкемнің білім деңгейі біріншісінен әлдеқайда төмен болды» [1,5] деп келтіреді. Оның пайымынша екеуі де өмір бойына жұмыс жасап, табыс табады. Дегенмен бірінің қаржысы тек өлшеулі болса, екіншісі өз мекеніндегі ең бай адамдардың біріне айналады. Кийосаки еңбегіне арқау болған екі әкесі ретінде, жарлы әкені өзінің туған әкесін, екінші «бай» әкені досының әкесін негізге алады.

Осы тұста бүгінгі күні жасөспірімдер арасында Роберт Кийосакидің бұл еңбегі өте өзекті және қызықты, олардың тілімен айтқанда трендте екенін атап өткен жөн. Жасөспірімдер арасында осы кітаптың негізінде білімге уақытты жоғалтпай, ертерек жұмыс жасау қажет екендігі жайлы пікір қалыптасты. Әсіресе 9 сыныпқа келген сәттен бастап немесе негізгі сыныпты аяқтаған соң ары қарай жоғары білімді алудың қажет екені туралы күмәні жоғары оқушылар көбейді. Алайда аталмыш еңбекті дұрыс деңгейде түсінбеу бар екені байқалады. Себебі автор екі әкесінің де үнемі кеңес беретінін, білімді қолдайтынын, дегенмен оқытуды қалай қолдану қажет екендігі жайлы екі түрлі көзқарас екеніне баса назар аударады. Сонымен қатар екі әкенің болуы, демек екі түрлі кеңестің болуы оны жетістікке жетелегенін атап өтеді.

Сонымен қатар оның пікірінше байлардың бай бола түсуі, кедейлердің кедейлене беруі және орта таптың қарызға батуының бірден бір себебін ақша жайлы мектепте пән ретінде оқытылмаумен, яғни қаржылық сауаттылықтың болмауымен байланыстарды. Тиісінше бала байлыққа алып келетін фактор ақша жайлы білімді тек отбасында біледі. Нәтижесінде мектепті жақсы аяқтап, жоғары оқу орнын өз күшімен аяқтағанмен бай бола алмайды, байлыққа қол жеткізбейді. Мұның себебін «бала мектепті жақсы бітіреді, алайды қаржы жайлы ақылы таяз» [1,5] болады деп тұжырымдайды.

Жаһандық әлемде қаржылық сауаттылықтың маңызы зор. Адам өмірінің барлық дерлік негізгі салалары қандай да бір жолмен ақшамен байланысты деп айтуға болады. Өмір бойы адамның өз өмірін қаржымен байланыстырады, дегенмен оны қалай басқаруға болатынын барлығы біле бермейді. Ал қаржылық сауаттылық дегеніміз не және оны қалай игеруге болады? Қаржылық сауаттылық - бұл отбасылық немесе жеке бюджетті жоспарлауға, қолма-қол ақшаны үнемдеуге көмектесетін қажетті білім.

Қаржылық сауатты адам мен ақша ғылымында көп нәрсені білмейтін адамның айырмашылығы неде? Біріншісі шығындар мен кірістердің есебін жүргізеді, жинақтары бар, тапқаннан аз ақша жұмсайды, қаржылық қызметтерді таңдауды біледі, қаржы туралы өзекті ақпаратқа ие және өз құқықтарын біледі. Демек ол алаяқтарды да бірден көреді. Қаржылық сауаттылықтың маңызды ережелерінің бірі болып есептелетін өзіндік «қорға» да ие. Қаржылық алаяқтар мәселесінің көбейе түскенін ескерсек, қаржылық сауаттылықты арттырудың маңызы одан сайын арта түседі.

Роберт Кийосаки әлемдегі миллиондаған адамдардың ақшаға деген көзқарасын өзгертуге ықпал етті. Ол бүгінде әлемдегі миллиарддер қатарында екенін ескерсек, байлық концепциясының лайықты бағаға ие екенін аңғарамыз. Жоғарыда айтқан білімнің қажеттілігіне қатысты тағы бір дәлел, ол өзінің кітабында «ақша - бұл күштің көрінісі. Бірақ қаржылық білім одан да күшті. Ақша келеді және кетеді, егер сіз оның қалай жұмыс істейтінін білсеңіз, онда сіз оны басқара аласыз әрі бай боласыз» деп тұжырымдайды. Демек Роберт Кийосакидің байлық жайлы ойының негізі біліммен, оның ішінде қаржылық сауаттылықпен тығыз байланысты.

Байлық жайлы ойын жетілдіре отырып, қорқыныш тақырыбына аса мән береді. Расында әрқайсымыз өмірде бір нәрседен қорқамыз және бұл табиғи нәрсе. Қорқыныш сезімі адамзат баласына табиғатпен беріледі, себебі мұның түбінде өзін-өзі сақтау инстинктісі жатыр. Осы тұста біздің барлық әрекетіміз бен сезімдерімізге жауап беретін ми жайлы айта

кеткен жөн. Бұл білім бізге түсінудің терең деңгейін, мінез-құлқымызды тиімді басқаруды және сәйкесінше қажетті нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Ең алғаш рет 1960-шы жылдары «Үш бірлікті ми» теориясын сипаттаған невролог Пол Маклин толығырақ айтып өтеді. Сонымен қатар реакцияларға және сезімдерге жауап беретін рептильді ақыл және лимбикалық жүйеге тоқталған дұрыс. Себебі әр адам рептильді ақылдың жұмысына сәйкес кез-келген жағдайға «ұр, қаш, қатып қал» реакциясында әрекет етеді. Демек бір жағдай болғанда адам не істерін білмей қалуы немесе мәселеден тұра қашуы, қарсы тұруы ықтимал. Ал лимбикалық жүйе эмоциялар мен сезімдерге жауап береді. қорқыныштың эмоция екенін ескерсек, реакциядан соң лимбикалық жүйе автоматты түрде іске қосылады. Осының негізінде түрлі эмоция пайда болады, оның ішінде әсіресе мазасыздық не қорқыныш алдымен пайда болатыны да рас. Дегенмен кейде қорқыныш біздің өмір сүруімізге үлкен кедергі келтіреді.

Роберт Кийосаки тәуекел етуден қорқу жеңіске жеткізбейді деп санайды. Себебі тәуекел болмаудың негізінде байлардың бәрін жоғалтудан қорқуы жатыр. Автор өзінің көптеген достарының кедей болудан қорқатынын атап өтеді. Демек ақша жинайды, алайда ары қарай оны қалай сақтап қалуды білмейді. Осы орайда қаржылық сауаттылықпен қатар инвестиция мәселесі көтеріледі.

Инвестициялар мәселесі әрдайым өзекті болды және болып қала береді, тиісінше өзінің экономикалық және әлеуметтік маңыздылығын жоғалтпайды. Экономика мен әлеуметтік саланың тұрақты дамуы инвестициямен тікелей байланысты. Жалпы тәжірибеде фирмалардың, кәсіпорындар мен ұйымдардың тиімді қызметі, олардың дамуының жоғары қарқынын қамтамасыз ету және бәсекеге қабілеттілікті арттыру көбінесе олардың инвестициялық белсенділігінің деңгейімен және инвестициялық қызмет ауқымымен анықталады. Тиісінше инвестициясының мәні бірнеше тұжырыммен анықталады.

өндірістік әлеуетті қалыптастырудың негізгі көзі

экономикалық дамудың стратегиялық мақсаттарын іске асырудың негізгі тетігі

активтер құрылымын оңтайландырудың негізгі механизмі

капиталдың ұзақ мерзімді құрылымын қалыптастырудың негізгі факторы

кәсіпорынның нарықтық құнының өсуін қамтамасыз етудің маңызды шарты

қарапайым және кеңейтілген көбеюді қамтамасыз етудің негізгі механизмі

инновациялық саясатты іске асырудың негізгі құралы

кәсіпорынның әлеуметтік даму міндеттерін шешудің тиімді тетіктерінің бірі

1 сурет. Инвестицияның мәні

Кийосакидің пікірінше өз қаржысын сауатсыз басқаратын адамдар эмоцияларға өз шешімдерін басқаруға мүмкіндік береді деп есептейді.

Роберт Кийосакидің байлық концептісі алдымен қаржылық сауаттылыққа, екіншіден «ақша үшін емес, ақшаның сізге жұмыс жасау» принципімен, тәуекелге барумен, яғни өз қорқыныштың мен эмоцияларын басқара білумен тікелей байланысты. Сонымен қатар оның байлыққа жету құпиясы өз білімін басқаларға беруі арқылы келгені жасырын емес. Ол білімді ойындар арқылы бергенді жөн санайды және кері байланысқа аса назар аударады.

Ол өзінің бір еңбегінде бір кездері ұшқыш болғысы келгенін де мойындайды. Дегенмен бизнес, жылжымайтын мүлік, инвестициялар және қомақты ақша тартымдырақ болды. Демек

оның пайымынша тек белгілі бір кәсіптің иесі болу емес, сол кәсіп сізге байлық әкеле алуы тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Роберт Кийосаки //Богатый папа, бедный папа / Издательство: Попурри, 2009, 272 стр.
2. http://praktiks.com/tri_sistemy_nashego_mozga/

ӘОЖ 16.01.33

«АВАТАР» ФИЛЬМІНІҢ АУДАРМАСЫНДАҒЫ ТҮРЛЕНДІРУЛЕР

Иманбаева Сабина Саматқызы

Sopik0205@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, филология факультетінің
4- курс студенті, Астана, Қазақстан.
Ғылыми жетекшісі – Мұратова Г.Ә.

Қазіргі адам өмірін киносыз елестету бұрыннан мүмкін емес. Бұл өнер адамзат мәдениетінің техникалық және бейнелеу өнерінің әртүрлі аспектілерін дамытудың симбиозы болып табылады және адам жетістіктерінің айқын көрінісі болып табылады. Бұл белгілі ленталардың кейіпкерлері ұсынған басқа адамдардың өмір тарихына еруге мүмкіндік береді. Бұл басқа елдер мен халықтардың тұрмысы мен дәстүрлерінен бастап саяси және экономикалық өмір салтына дейінгі бөтен мәдениетті зерттеудің кең қол жетімді әдісі.

Фильмдер әр түрлі халықтардың өмір салтын азды-көпті дәл бейнелейді, дегенмен оларды жасаушылардың көзқарасы мен қабылдауы көрермендердің қабылдауына көзілдіріктің белгілі бір түсін кигізіп қойғандай болады және олар көркем шығармалардың айқын бағытын анықтайды. Біз үйдегі жағдай сияқты ұсақ-түйектерден бастап, көңіл-күйі нашар және бейқам көріністен бастап, алкогольдің артық мөлшеріне зар адамдардың мультфильмдік бейнесіне дейін және лас киім киген ашуланшақтықты көре аламыз. [1, 1 б]

Көркем фильм – вербалды және вербалды емес компоненттерді (сюжеттік желілер, идеялық-философиялық мазмұн, жанрлық сипаттамалар, бейнелік және дыбыстық диапазон) қамтитын поликодтық мәтіннің бір түрі. Фильмнің атауы осы көптеген когнитивтік, эмоционалдық, құндылық және мәдени кодтарды біріктіретін бейнелі-семантикалық орталық ретінде қарастырылады. Фильмнің атауы көп функциялы бірлік болып табылады және номинациямен шектелмейді. Ғалымдар фильм атауларының коммуникативті, эстетикалық, репрезентативті, ақпараттық, байланыстырушы, мәтін құраушы, жарнамалық, тартымдылық, прагматикалық және болжау қызметтері сияқты қызметтерін ажыратады. Сонымен бірге, негізінен кинопрокатшылардың коммерциялық мүдделеріне қызмет ететін жарнамалық функцияның басқа функцияларды жүзеге асыруға кері әсер етпеуі маңызды.

К. О. Панова және Е. В. Бондаренко фильм атауларын аударуды қиындататын факторлардың екі тобын ажыратады: экстралингвистикалық және лингвомәдениеттану. Бірінші топқа кинопрокат компанияларының талаптары мен цензура кіреді; екіншісі-лингвистикалық тосқауыл тудыратын факторлар. Соңғысына қарай авторлар Л.К. Латышевке шет тілі (ШТ) және аударма тілі (АТ) жүйелерінің айырмашылығы, шет тілі (ШТ) мен аударма тілі (АТ) нормаларының сәйкес келмеуі, шет тілі (ШТ) мен аударма тілі (АТ) сөйлеушілерінің сөйлеу нормаларының сәйкес келмеуі, шет тілі (ШТ) мен аударма тілі (АТ) сөйлеушілерінің ақпаратқа дейінгі қорларының сәйкес келмеуі жатады. [2, 2 б]

Субтитрлерді қолдана отырып кинофильмдерді аудару жазбаша аудармаға жатады, өйткені субтитрлер – бұл көрермендер экранда көретін мәтін. Зерттеушілердің субтитрлер арқылы аударуға қатысты пікірлері әртүрлі. Олардың кейбіреулері фильмнің бұл түрін киноның «таза» аудармасына жатқызады, өйткені аударманың бұл түрі көрермендерге актерлердің дауыстарының табиғи дыбысын естуге мүмкіндік береді. Субтитрлерді қолдана